

ЕМС бағдарламасы бойынша сұрақ-жауап тізімі

Ерікті медициналық сақтандыру

2026 жылғы 1 тамыздан бастап ерікті медициналық сақтандыру (ЕМС) бағдарламасы бойынша медициналық қызмет көрсетуді – «Халық сақтандыру компаниясы» АҚ, ал медициналық көмекті ұйымдастыруды – «Меди-Сервис» ассистанс компаниясы» ЖШС жүзеге асырады.

Төменде жұмыскерлердің ЕМС бағдарламасына қатысты жиі қойылатын сұрақтары мен жауаптары жинақталған.

Қажетті ақпаратты таба алмасаңыз, тәулік бойы жұмыс істейтін **Колл-орталыққа** хабарласыңыз:

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ
7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

I. Ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасы туралы

Сұрақ: ЕМС дегеніміз не?

Жауап: Ерікті медициналық сақтандыру – жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне көрсетілетін қосымша медициналық көмек. Бағдарламаны толығымен жұмыс беруші қаржыландырады, сондықтан жұмыскерлердің жалақысынан қаражат ұсталмайды. Медициналық қызмет бағдарламада белгіленген талап пен лимитке сәйкес көрсетіледі.

Бұл қалай жұмыс істейді? Жұмыс беруші сақтандыру компаниясымен шарт жасасып, сақтандыру төлемін өтейді. Бұл қаражат жұмыскерлерге берілмейді және олардың жеке шотына аударылмайды. Егер сақтандырылған жұмыскерге медициналық көмек қажет болса, ол ассистанс-компанияға жүгінеді. Компания қажетті медициналық қызметтің бағдарламаға кіретінін немесе кірмейтінін тексеріп, клиникаға жүгінуді ұйымдастырады. Клиника медициналық көмек көрсетіп, көрсетілген қызмет үшін сақтандыру компаниясына шот ұсынады. Сақтандыру компаниясы көрсетілген қызмет ақысын бағдарламаның талабы мен белгіленген лимитіне сәйкес төлейді.

Сұрақ: ЕМС МӘМС пен ТМККК-ден несімен ерекшеленеді?

Жауап: Бұл – медициналық көмектің үш түрлі бағдарламасы.

ТМККК – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі. Бұл – МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан мемлекет тарапынан көрсетілетін негізгі және шұғыл медициналық көмек.

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру. Бұл – азаматтарға медициналық қызметтің кеңейтілген тізімін ұсынатын мемлекеттік бағдарлама. Заңға сәйкес жұмыс берушілер жұмыскерлер үшін аударым жасайды, ал жұмыскерлер жарна төлейді.

ЕМС – ерікті медициналық сақтандыру. Бұл – жұмыс беруші жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін төлейтін қосымша медициналық көмек. ЕМС-ке қатысқаны үшін жұмыскерлердің жалақысынан қаражат ұсталмайды.

Сұрақ: 1 тамыздан бастап не өзгерді?

Жауап: 1 тамыздан бастап сақтандыру компаниясы мен ассистанс-компания өзгерді.

Сақтандыру компаниясы сақтандыру шарты аясында медициналық қызметті қаржыландыруға жауап береді және ЕМС бағдарламасында көзделген қызмет ақысын төлейді. Енді бұл міндетті **«Халық» сақтандыру компаниясы** атқарады.

Ассистанс-компания медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады: кеңес береді, дәрігердің қабылдауына жазады, клиниканы таңдайды және тиісті медициналық қызметті келіседі. Енді бұл қызметті **«Меди-Сервис» ассистанс-компаниясы» ЖШС** жүзеге асырады.

Медициналық көмек алудың тәртібі өзгерген жоқ. Бағдарламаның барлық қатысушылары ЕМС қызметін автоматты түрде пайдалана береді. Құжатты қайта рәсімдеу немесе бағдарламаға қайта тіркелу қажет емес. Медициналық ұйымдар мен дәрігерлердің басым бөлігі бұрынғы құрамда қалды.

Бұған дейін «Архимедес» және «Өркендеу» атауымен жұмыс істеген медициналық ұйымдар Жезқазған, Сәтбаев және Балқаш қалаларындағы «Жезқазған медициналық орталығында», бұрынғы кабинеттерде және осыған дейін жұмыс істеген дәрігерлер құрамымен қызметін жалғастырады.

Сұрақ: Бағдарлама кімге арналған?

Жауап: Бағдарлама «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қазақмыс» Тобы компаниялары мен еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыскерлеріне, сондай-ақ олардың тіркелген отбасы мүшелеріне арналған.

Сұрақ: ЕМС бойынша медициналық көмекті қалай алуға болады?

Жауап: Клиникаға жүгінбес бұрын тәулік бойы жұмыс істейтін колл-орталыққа хабарласыңыз. Оператор қажетті қызметті ЕМС бағдарламасынан қарап, қолайлы медициналық ұйымды таңдап береді және қабылдауға жазылуға көмектеседі.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: ЕМС бойынша қандай қосымша қолданылады?

Жауап: ЕМС бағдарламасы бойынша ақпарат алу үшін Halyk SuperApp мобильді қосымшасы пайдаланылады.

Медициналық сақтандыру картасы туралы ақпаратты көру үшін қосымшаға кіріп, мына бөлімдерді таңдаңыз:

«Сақтандыру» → «Полис» → «Менің шарттарым» → «Әрекет етуші» → «Ерікті медициналық сақтандыру».

Ақпаратты сақтандыру компаниясының skhalyk.kz ресми сайтынан да алуға болады. Ол үшін сайттағы жеке кабинетке кіріп, «Қолдау» бөліміне өту қажет.

Егер ақпарат көрсетілмесе немесе сұрақ туындаса, **колл-орталыққа** хабарласыңыз.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: Қайта тіркелу қажет пе?

Жауап: Жоқ. Барлық жұмыскерлер мен бұған дейін тіркелген отбасы мүшелері ЕМС бағдарламасын автоматты түрде пайдалана береді. Құжатты қайта тапсырудың немесе қайта тіркелудің қажеті жоқ.

Сұрақ: ЕМС бағдарламасындағы деректі қалай өзгертуге немесе отбасы мүшесін қалай қосуға болады?

Жауап: Жеке деректі өзгерту немесе отбасы мүшесін бағдарламаға тіркеу үшін жұмыс орныңыздағы кадр бөліміне хабарласыңыз. Кадр бөлімінің қызметкерлері қажетті өзгерісті енгізіп, жаңартылған ақпаратты сақтандыру компаниясына жібереді.

Сұрақ: Отбасы мүшелерінің қайсысын ЕМС бағдарламасына тіркеуге болады?

Жауап: Отбасы мүшелерін ЕМС бағдарламасына тіркеу шарты жұмыскердің санатына байланысты.

Егер жұмыскер зиянды еңбек жағдайында (ЗЕЖ) жұмыс істейтін болса, ЕМС бағдарламасына:

- жұбайын;
- жасына қарамастан ата-анасын;
- туғаннан бастап балаларын тіркей алады.

Тіркелетін отбасы мүшелерінің санына шектеу қойылмайды.

Егер жұмыскер қалыпты еңбек жағдайында (ҚЕЖ) жұмыс істейтін болса, ЕМС бағдарламасына мына отбасы мүшелерін тіркей алады:

- 2 ересек отбасы мүшесін: жұбайын немесе 65 жасқа дейінгі (қоса алғанда) ата-анасын;
- жұмыскердің ата-анасы ЕМС бағдарламасына тіркелмеген жағдайда 15-18 жас аралығындағы (қоса алғанда) балаларын;
- 14 жасқа дейінгі (қоса алғанда) балаларын – санына шектеу қойылмайды.

Маңызды: шарттың қолданылу мерзімі ішінде бағдарламаға тіркелген бір туыстың орнына басқа туысты тіркеуге болмайды. Екпе күнтізбесіне сәйкес балаларды вакцинациялау ЕМС бағдарламасына кірмейді.

Сұрақ: Жыл соңында лимит пайдаланылмаса не болады?

Жауап: Егер лимит толық пайдаланылмаса, қалған сома сақталмайды. Оны ақшалай түрде алу немесе келесі сақтандыру кезеңіне ауыстыру мүмкін емес.

Қазіргі сақтандыру кезеңі 2026 жылғы 1 тамыздан 2027 жылғы 31 шілдеге дейін жалғасады. Осы кезең аяқталғаннан кейін лимиттің пайдаланылмаған қалдығы жойылады.

II. ЕМС бойынша медициналық көмекті қалай алуға болады?

Сұрақ: ЕМС бойынша медициналық көмек алуды неден бастау керек?

Жауап: Клиникаға бармас бұрын тәулік бойы жұмыс істейтін колл-орталыққа хабарласыңыз. Оператор қажетті медициналық қызметтің ЕМС бағдарламасында қамтылғанын тексеріп, медициналық ұйымды таңдауға және дәрігердің қабылдауына жазылуға көмектеседі.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: Клиникаға өз бетінше жүгінуге бола ма?

Жауап: Клиникаға бармас бұрын колл-орталықтан оның ЕМС бағдарламасы бойынша қызмет көрсететінін және алдын ала келісім қажет емес пе екенін нақтылап алған жөн. Егер клиникаға алдын ала келісімсіз өз бетіңізше жүгінсеңіз, сақтандыру компаниясы қызмет құнын өтемеуі мүмкін.

Сұрақ: Бейінді маманның қабылдауына немесе тексеруден өтуге қалай жазылуға болады?

Жауап: Колл-орталыққа хабарласып, қандай маманға жазылғыңыз келетінін немесе қандай тексеруден өтетініңізді айтыңыз. Оператор сізге әрі қарай не істеу керегін түсіндіреді. Қажет болса, алдымен отбасылық дәрігерге, терапевке немесе педиатрға барып, жолдама алу керек. Одан кейін ассистанс-компания сізді тиісті маманға немесе тексеруден өтуге жазады.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: Шұғыл медициналық көмек қажет болса не істеу керек?

Жауап: Колл-орталыққа хабарласыңыз. Оператор сізге жедел немесе кезек күттірмейтін медициналық көмек бригадасын жібере алады. Қажет болған жағдайда пациент стационарға жеткізіледі.

Егер адам өміріне тікелей қауіп төнсе, бірден 103 нөміріне хабарласып, мемлекеттік жедел жәрдем шақыруға болады. Егер науқас 103 қызметі арқылы ауруханаға жатқызылса немесе стационарға өз бетінше жүгінсе, бұл туралы 24 сағат ішінде медициналық үйлестірушіге немесе отбасылық дәрігерге хабарлау қажет.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: Медициналық қызмет ақысын өзіңіз төлеген жағдайда, шығынды қалай өтеуге болады?

Жауап: Шығынды өтеу – бұл сақтандырылған адамның ЕМС бағдарламасына кіретін медициналық қызмет ақысын өз қаражаты есебінен төлеген шығынын қайтару.

Маңызды! Ақылы медициналық қызметке жүгінбес бұрын колл-орталыққа хабарласып, алдын ала келісу қажет. Алдын ала келісімсіз көрсетілген қызметтің шығынын өтеуден бас тартылуы мүмкін.

Шығынды өтеу үшін:

1. «Меди-Сервис» ассистанс-компаниясының колл-орталығына хабарласып, ақылы медициналық қызмет алуды келісіңіз.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

2. Ем қабылдағаннан кейін клиникадан диагнозыңыз бен көрсетілген медициналық қызмет тізімі бар құжатты, сондай-ақ фискалдық чек немесе шот-фактураны алыңыз.

3. Медициналық және төлем құжаттарының түпнұсқасын, жеке куәлігіңізді, сонымен қатар банк деректемелеріңізді дайындаңыз.

4. 30 күнтізбелік күн ішінде өз өңіріңіздегі ассистанс-компанияның кеңсесіне барып, шығынды өтеуге өтініш беріңіз.

III. Стоматология және дәрі-дәрмек

Сұрақ: Стоматология мен дәрі-дәрмекке қандай лимит белгіленген?

Жауап: Стоматология мен дәрі-дәрмекке ортақ бір лимит белгіленген:

- 70 000 теңге – қалыпты еңбек жағдайында (ҚЕЖ) жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін;
- 75 000 теңге – зиянды еңбек жағдайында (ЗЕЖ) жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін.

Айта кету керек, өткен кезеңде ЕМС бағдарламасын пайдалану қорытындысы бойынша стоматологиялық қызмет пен дәрі-дәрмекке қарастырылған қаражаттың шамамен 36%-ы жұмсалған. Бір жұмыскерге орта есеппен 42 000 теңгеден жұмсалды. Бұл белгіленген лимиттің шамамен 58%.

Компания бағдарламаның нақты пайдаланылуын бақылауды жалғастырады. Белгіленген лимит толық игеріліп, аталған қызметке сұраныс сақталған жағдайда, оны ұлғайту мәселесі қайта қаралады.

Сұрақ: Стоматология мен дәрі-дәрмекке арналған лимит таусылған жағдайда не істеу керек?

Жауап: Лимит таусылған жағдайда сақтандыру кезеңі аяқталғанға дейін стоматологиялық қызмет пен дәрі-дәрмектің құнын жұмыскер өзі төлейді. Ал ЕМС бағдарламасына кіретін өзге медициналық қызмет бағдарлама шартына сәйкес қолжетімді болады.

Лимиттің қалған сомасын тәулік бойы жұмыс істейтін колл-орталық арқылы білуге болады.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: Қаралып жүрген стоматологиялық клиника көңілден шықпаса, оны ауыстыруға бола ма?

Жауап: Иә, болады. ЕМС бағдарламасы бойынша қызмет көрсететін серіктес стоматологиялық клиникалардың тізімінен басқа клиниканы таңдауға болады.

Клиникалардың тізімін және медициналық көмекке жүгіну тәртібін ассистанс қызметінің **колл-орталығынан** білуге болады:

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

IV. Бағдарламаның қамту аясы және ерекше жағдайлар

Сұрақ: Бағдарламаға кіретін және кірмейтін қызметтің толық тізімін қайдан көруге болады?

Жауап: ЕМС бағдарламасы аясында көрсетілетін қызметтің толық тізімі туралы ақпаратты Halyk SuperApp қосымшасынан көруге болады. Ол үшін мына бөлімдерге өтіңіз:

«Сақтандыру» → «Полис» → «Менің шарттарым» → «Әрекет етуші» → «Ерікті медициналық сақтандыру» → «Қызметтер мен лимиттер».

ЕМС бойынша төленетін барлық қызметтер мен диагноздардың бірыңғай тізімі жоқ. Әрбір өтініш медициналық көрсетілімдер мен бағдарлама аясында қамтылмайтын жағдайдың тізіміне сәйкес жеке қарастырылады.

Сұрақ: Неліктен ЕМС созылмалы аурулар мен бұрын алған жарақаттың салдарын емдеу шығынын тұрақты өтемейді?

Жауап: ЕМС бағдарламасы созылмалы ауруларды және бұрын алған жарақаттың салдарын емдеу шығынын барлық жағдайда өтей бермейді.

Тұрақты диспансерлік бақылауды қажет ететін созылмалы аурулар мемлекеттік медициналық көмек көрсету жүйесі шеңберінде қаралады. Сонымен қатар сақтандыру бағдарламасы қолданысқа енгізілгенге дейін пайда болған аурулар, алынған жарақат пен оның салдары ЕМС бағдарламасында қамтылмаған.

Денсаулық жағдайы күрт нашарлап, шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайда көрсетілген қызмет бағдарламаның талабы мен нақты жағдайға байланысты ЕМС аясында төленуі мүмкін.

Әрбір жағдай жеке тәртіппен қаралады. Медициналық ұйымға жүгінер алдында «Меди-Сервис» колл-орталығынан ақпарат алуды ұсынамыз.

Сұрақ: Неліктен кәсіби ауруларды емдеу ЕМС бойынша төленбейді?

Жауап: Кәсіби аурулар медициналық көмектің жеке бағыты – кәсіби патология саласына жатады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106 бұйрығына сәйкес, кәсіби патология кезінде медициналық көмек көрсету мамандандырылған кәсіби патология жүйесі арқылы ұйымдастырылады.

Осыған байланысты кәсіби ауруларды емдеу, ұзақ мерзімді медициналық бақылау және оңалту стандартты амбулаториялық емдеуге жатпайды және ЕМС бағдарламасы аясында қамтылмайды.

ЕМС бағдарламасы сақтандыру шартында көрсетілген жалпы аурулар мен медициналық жағдай бойынша медициналық көмек көрсетуді көздейді.

Сәйкесінше, кәсіби аурулар бойынша медициналық көмек ЕМС есебінен емес, кәсіби патология жүйесі аясында көрсетіледі.

Сұрақ: Неліктен ЕМС барлық талдауларды, мысалы, аллергендер мен дәрумендерге немесе қойылған диагнозды бақылауға арналған зерттеулердің құнын өтемейді?

Жауап: ЕМС барлық зерттеулерді емес, тек дәрігердің медициналық көрсетілім бойынша тағайындаған, ауруды диагностикалау немесе емдеу үшін қажет және ЕМС бағдарламасына енгізілген талдаулардың құнын ғана өтейді.

Кейбір зерттеулер, мысалы, аллергендерге, дәрумендер мен микроэлементтерге жүргізілетін кеңейтілген талдау, профилактикалық тексеру немесе бұрын қойылған диагнозды тұрақты бақылауға арналған зерттеу сақтандыру аясында өтелмеуі мүмкін. Бұл ретте ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен клиникалық хаттамалар, диагностика және емдеу стандарттары ескеріледі.

Қарапайым тілмен айтқанда, дәрігердің талдау тағайындауы оның ЕМС бойынша автоматты түрде төленетінін білдірмейді. Зерттеу медициналық тұрғыдан негізделуі және сақтандыру бағдарламасының шартында қарастырылуы тиіс.

Әрбір жағдай жеке қарастырылады. Нақты талдаудың ЕМС бойынша төленетінін «Меди-Сервис» колл-орталығынан білуге болады.

Сұрақ: Көру қабілетін лазерлік тәсілмен түзету ЕМС бойынша төлене ме?

Жауап: Көру қабілетін лазерлік тәсілмен түзету тек зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін қарастырылған және олардың отбасы мүшелеріне қолданылмайды.

Қызмет медициналық көрсетілім бойынша және қарсы көрсетілім болмаған жағдайда, ЕМС бағдарламасының шарты мен лимиті шеңберінде **300 000 теңгеге** дейін өтеледі. Көру қабілетін лазерлік тәсілмен түзету алдында офтальмологтың қабылдауынан өту қажет. Процедураны жүргізу мүмкіндігі туралы соңғы шешімді дәрігер қабылдайды. Лазерлік түзетуді медициналық ұйымдар желісінде ұйымдастыру үшін міндетті түрде Ассистанс координаторына хабарласыңыз.

Сұрақ: ЕМС бойынша кешенді чек-аптан өтуге бола ма?

Жауап: ЕМС есебінен профилактикалық кешенді чек-аптан өту қарастырылмаған.

Сұрақ: Даму ерекшелігі бар, мысалы, аутизм спектрінің бұзылысы бар балаларға көмек көрсетіле ме?

Жауап: Даму ерекшелігі бар, оның ішінде аутизм спектрінің бұзылысы бар балалар медициналық көмекті мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде алады. Мұндай балаларға белгіленген медициналық хаттамаға сәйкес динамикалық (диспансерлік) бақылау және қажетті тексеру жүргізіледі. Сондықтан бұл көмек ЕМС-тің стандартты қамтуына кірмейді.

V. Клиникалар мен даулы жағдайлар

Сұрақ: ЕМС бойынша жұмыс істейтін клиникалардың тізімін қайдан білуге болады?

Жауап: Базалық клиникалардың тізімі төменде көрсетілген.

Қала	Клиника	Мекенжайы	Телефон	Мәртебесі
Астана	«Le Bon Sante» ЖШС («Достар Мед»)	Қонаев к-сі, 14, 18-нысан	+7 (7172) 44-61-61, 44-64-84, +7 702 129 97 31	Базалық клиника
Астана	«Дом здоровья» ЖШС	Республика даңғ., 55	+7 (7172) 39-76-18, 39-69-90, 39-84-87	Базалық клиника
Астана	«Ермен-БК12» ЖШС	Момышұлы к-сі, 12	+7 (7172) 40-36-31, 673-61-45	Базалық клиника
Астана	«ALTAY CLINIC» ЖШС	Сарайшық к-сі, 7, 12-нысан	+7 7172 97-83-77; +7 778 029 99 18; +7 778 029 99 11	Базалық клиника
Астана	«Медико-консультативный центр «Сенім-А» ЖШС	Қабанбай батыр даңғ., 29, 2-нысан	+7 701 501 78 88; +7 701 502 78 88	Базалық клиника
Астана	«University Medical Center» КҚ	Сығанақ к-сі, 46	колл-орталық: +7(7172) 70-15-50 (70); 70-20-70	Базалық клиника
Астана	Taimas medical ЖШС («MEDIFORT» көпбейінді клиникасы)	Ж.Молдағалиев к-сі, 1 үй. Клиниканың жұмыс уақыты: 08.00-22.00 демалыссыз	+7 700 347 00 87	Тікелей жүгіну клиникасы
Астана	Taimas medical ЖШС («MEDIFORT» көпбейінді клиникасы)	Нұра ауданы, С.Асфендияров к-сі, 9 үй. Клиниканың жұмыс уақыты: 08.00-22.00 демалыссыз	+7 700 300 21 24	Тікелей жүгіну клиникасы
Қарағанды	«GalaClinic» ЖШС	Ержанов к-сі, 41/1	+7 (7212) 99-66-03; 25-75-75; +7 701 608 11 67; +7 701 042 55 65	Базалық клиника
Қарағанды	«GIO TRADE» ЖШС	Сатыбалдин к-сі, 2 үй, 1-нысан	+7 771 848 66 06; +7 (7212) 771 772	Базалық клиника
Қарағанды	«Диацент» ЖШС	Мұқанов к-сі, 18/7	+7 (7212) 25 05 05	Базалық клиника
Қарағанды	«Диацент» ЖШС	Құрылысшылар даңғ., 4/3 құр.	+7 (7212) 35 02 08	Базалық клиника
Қарағанды	«SANAD» клиникалық-диагностикалау	Қасым Аманжолов к-сі, 41	+7 (7212)50-46-01	Базалық клиника

	сауықтыру орталығы» ЖШС			
Қарағанды	«Orhun Medical (Орхун Медикал)» ЖШС Қарағанды қаласындағы филиалы	Степной-4 мөлтек ауданы, 2/3 үй	+7 (7212) 95 67 72	Тікелей жүгіну клиникасы
Қарағанды	«Orhun Medical (Орхун Медикал)» ЖШС Қарағанды қаласындағы филиалы	Академиялық к-сі, 9а	+7 776 000 28 14	Тікелей жүгіну клиникасы
Жезқазған	«Жезқазған» медициналық орталығы» ЖШС	Алашахан к-сі, 66	Тіркеу бөлімі: +7 (771) 313-02-10; Үйлестіруші: +7 (771) 313-02-08	Тікелей жүгіну клиникасы
Жезқазған	«Жезқазған» медициналық орталығы» ЖШС	Анарқұлов к-сі, 15А	+7 (771) 313-02-08	Тікелей жүгіну клиникасы
Сәтбаев	«Жезқазған» медициналық орталығы» ЖШС	Жандосов к-сі, 4	Тіркеу бөлімі: +7 (771) 313-02-07; Үйлестіруші: +7 (771) 313-02-02	Тікелей жүгіну клиникасы
Балқаш	«Жезқазған» медициналық орталығы» ЖШС	Абай к-сі, 1	Ұялы телефоннан: 7845, 2250; +7 771 506 10 06; +7 771 506 10 66	Базалық клиника

ЕМС аясында қызмет көрсететін медициналық ұйымдардың толық әрі өзекті тізімін Halyk SuperApp қосымшасынан, сақтандырылған адамның жеке кабинетінен көруге болады. Сондай-ақ ақпаратты колл-орталық арқылы нақтылауға болады.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: Басқа қалада медициналық көмек алуға бола ма?

Жауап: Иә. ЕМС бағдарламасының серіктестік желісі Қазақстанның барлық 20 өңірінде жұмыс істейді және 1400-ден астам клиниканы, зертхананы, стоматология орталығын сонымен қатар дәріхананы қамтиды.

Медициналық ұйымға жүгінбес бұрын «Меди-Сервис» колл-орталығына хабарласыңыз. Оператор қажетті қаладағы қолжетімді медициналық ұйымды таңдап, қабылдауға жазылуға көмектеседі.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

Сұрақ: Медициналық қызмет көрсетуден бас тартылса немесе бас тарту себебі түсініксіз болса, не істеу керек?

Жауап: Егер медициналық қызмет көрсету келісілмесе немесе бас тарту себебі сізге түсініксіз болса, «Меди-Сервис» колл-орталығына хабарласыңыз. Маман сіздің өтінішіңіз бойынша ақпаратты тексеріп, түсініктеме береді. Атап айтқанда, медициналық қызметтің ақысы ЕМС бойынша неліктен өтелмейтінін және бұл келісімшарттың немесе ЕМС бағдарламасының қай тармағында көрсетілгенін түсіндіреді.

КОЛЛ-ОРТАЛЫҚ

7845 — «Қазақмыс» корпорациясы қызметкерлеріне арналған желі.

ЕМС шарты сақтандыру келісімшарты мен сақтандыру бағдарламасы арқылы айқындалады. Сондықтан медициналық қызмет көрсетуден бас тартудың немесе оның ақысын өтелмеудің нақты себебі сіздің ЕМС бағдарламаңыздың шартын ескере отырып, әр жағдайда жеке нақтыланады.